

**«Мұнай және газ министрлігінің 2012 жылғы жұмысының қорытындылары мен 2013 жылға арналған міндеттер туралы» тақырыбында 2013 жылғы 22 сәуірде өткен Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Мұнай өнімдерін өткізумен айналысатын субъектілердің техникалық регламенттердің талаптарына сай келмейтін немесе сәйкестік сертификаты жоқ не жалған сәйкестік сертификатымен өнімді сатқаны үшін жауапкершілігін күшейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қарасын.

2. Мұнай өнімдерінің сапасының стандарттар талаптарына сәйкестігінің пәрменді мониторингін оларды өндіру кезінде ғана емес, көтерме және бөлшек саудада өткізу кезінде де қамтамасыз етсін.

3. 2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджетті дайындау кезінде Атырау мұнай өңдеу зауытының мұнайды тереңдете өңдеу жөніндегі кешенін салу жұмысын жеделдету мақсатында Атырау облысының әкімдігіне адамдарды АМӨЗ-нің кеңейтілетін санитариялық-қорғау аймағынан көшіруге қаражат бөлу мәселесін қарастырсын.

4. Депутаттар бастамашы болған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бойынша Үкіметтің қорытынды беруін жеделдетсін немесе осы заң жобасында реттелетін мәселелер («алыс-беріс» мұнайын салықтық әкімшілендіру және мұнай берушілерге мұнай өңдеу зауыттарының резервуарларындағы мұнай өнімдерін өткізу құқығын беру) бойынша өз шешімін ұсынсын.

5. Джет-А-1 авиациялық отыны бойынша стандарттау және метрология саласындағы келісілген саясат туралы ҚХР-мен келісімді кейіннен қабылдау мақсатында 2013 – 2015 жылдарға арналған республикалық бюджетке Джет-А-1 авиациялық отыны бойынша стандарттар әзірлеуге қаражат бөлуге қатысты өзгерістер енгізу мәселесін қарастырсын.

6. Ірі трансұлттық компаниялардың жинақтаған тәжірибесін ескере отырып, оның ішінде теңіз ортасы мен келісімшарт аумағының бұрғылау өнімдерімен ластануына жол бермеу мақсатында мұнай-газ саласының технологиялық дамуына инвестиция тарту, технологиялар трансферті жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.